

Орындаған:Рустемова М

Тобы:111-15

Қабылдаған:

Баймишева А

LESSON STUDY

- ◎ **Lesson Study** – мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл. Lesson Study-ге шараны бірлесе жоспарлап, өткізетін, қадағалайтын, оқыту мен оқуды талдай отырып, өз қорытындыларын қағаз бетіне түсіретін мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study циклін өткізу кезінде мұғалімдер оқыту тәжірибесіне жаңа әдістер енгізеді немесе оны жетілдіреді, кейін ашық Lesson Study өткізу немесе жұмыс сипатталған құжатты жариялау арқылы әріптестеріне таратады.



Lesson Study

ШЫҒУ ТАРИХЫ


- XIX ғасырдың 70-жылдарында Жапонияда бастау алып, осылайша Батыста қолданылатын «Іс-әрекеттегі зерттеу» тәсілінен 70 жыл бұрын қолданыла бастаған. Батыста Lesson Study америкалық зерттеушілер жапон мұғалімдерінің жалпы педагогика саласында да, сондай-ақ АҚШ-тың оқушыларымен салыстырғанда жапон оқушыларының білім деңгейлері анағұрлым жоғары болуын қамтамасыз ететін белгілі бір пәнді оқыту саласында да білімдері жоғары екендігін дәлелдегеннен кейін осы ғасырда ғана танымал бола бастады (Stigler and Hiebert, 1999; TIMSS, 1999). Қазір уақытта Шығыс Азияда Lesson Study Жапониямен қоса, Сингапурде, Гонконг пен Қытайда қолданылады. Бұл тәсіл сонымен қатар батыс елдерде де, соның ішінде АҚШ-та, Ұлыбританияда, Швецияда және Канадада қолданылуда.

Lesson Study-ді қандай мақсатпен жүргізу қажет?

- Lesson Study тәсілі тиімді, себебі ол мұғалімдерге:
- • әдеттегіге қарағанда балалардың білім алғандығының анағұрлым анық, әртүрлі қырларынан және егжей-тегжейлі дәлелін көруге;
- • мұғалімнің пікірі бойынша балаларды оқыту барысында не болуға тиіс, ал шындығында жағдай қандай екендігі арасындағы айырмашылықты көруге;
- • оқытуды нәтижесінде оқушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратындай етіп қалай жоспарлау керектігін түсінуге; • Lesson Study-ді басты мақсаты оқушыларға білім алуға көмектесу және топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету болып табылатын мұғалімдердің желілік қоғамдастығы аясында іске асыруға (Dudley, P. 2011a);
- • Lesson Study мүмкіндіктерін өзінің педагогикалық тәжірибесінде қолдануға көмектеседі

Lesson Study жүргізу

- Lesson Study тәсілі кем дегенде үш Lesson Study-ден тұратын циклден құралады, ол сабақтарды мұғалімдер тобы бірлесіп жоспарлап, оқытып/қадағалайды және талдайды.



«Бұл сыныпта болып жатқан нәрселерге басқаша қарауыма мүмкіндік берді»

Lesson Study кезеңдері

- Мақсаттарды анықтау
- Сабақты жоспарлау
- Сабақты бақылау
- Сабақты талдау
- Оқушылармен сұхбат
- Рефлексия

Lesson study тиімділігі


- Lewis (2002) Lesson Study тиімділігін былайша сипаттайды:
 - • Білім беру стандарттары мен мақсаттарын сыныпта жүзеге асырады;
 - • Ақпаратқа жүгініп дамуды көздейді;
 - • Студенттерің түрлі қасиеттеріне әсер ете отырып, оқу процесін дамыту
 - • Даму қажеттігі жайлы мәселе қояды
 - • Мұғалімдерді бағалау
- Dudley (2011) Lesson Study тиімділігін былайша сипаттайды: • Оқушылардың оқу процесі әдеттегіден тереңірек түсіндіріледі; • Оқу процесінде оқушылардың не оқып жатқаны жайлы ой-пікірлері мен шынымен не оқып жатқаны жайлы түсінік арасындағы айырмашылық айқын көрінеді; • Оқу процесі оқушылардың қажеттіліктеріне сай жоспарланады; • Бұның барлығы қолдап оқыту мен оқу ортасы мәнмәтінінде жасалады. Мен Lesson Study процесін имплициттік білім алу және мектеп мәдениетін дамыту ретінде сипаттаймын.

Lesson Study мақсаттары

- Lesson Study-дың мақсаты әр мектепте әртүрлі. Lesson Study-дың мақсатқа байланысты үш түрі бар. Бірінші түрі Lesson Study-дың бірыңғай тақырыбына байланысты, екінші түрі оқыту дағдыларын дамытуға арналған, ал үшінші түрі бақылау дағдыларын дамытуға арналған.



Lesson Study бірінші түрінде барлық мұғалімдер бірге жұмыс істеп, бірыңғай зерттеу тақырыбын таңдайды. Олар бірге ақпарат жинап, Lesson Study-ді соның негізінде өткізеді. Жыл аяғында олар зерттеу туралы есепті басып шығарады. Lesson Study-дың бұл түрінде әрбір мұғалім Lesson Study-ды өзі үшін емес, бірыңғай тақырып үшін өткізеді. Жыл бойы өткізілген әрбір Lesson Study мектептегі Lesson Study үдерісі бөлшектерінен тұрады. Бұл жағдайда, сабақ жоспарын талқылау әсіресе маңызды. Әрбір Lesson Study мектептің зерттеу тақырыбына байланысты болуы керек. Әрбір Lesson Study циклын өткізгеннен кейін мұғалімдер зерттеу нәтижелерін бірыңғай тақырыпқа байланыстыруға тырысады.



- ◎ Lesson study тақырыбы:
- ◎ • Студенттер арасында пікірталас тудыруы тиіс
- ◎ • Студенттердің сыни ойлауын дамытуы тиіс
- ◎ • Топтық не жұптық жұмысты қолдануы тиіс
- ◎ • ICT аспаптарын қолдануы тиіс
- ◎ • Оқу дағдыларын дамытуы тиіс
- ◎ • Өзін-өзі таныту дағдыларын дамытуы тиіс
- ◎ • Сандар мен көлем түсініктерін белгілі бір объектілерді қолдану арқылы тереңдету

Оқушыларды оқыту әдістемесін жетілдіру

- LS қандаттары



Нәтижеде



Бірінші Lesson Study-ді жоспарлау және «бақылаудағы» оқушыларды анықтау

- Ұсынылатын іс-әрекеттер
- Бірінші Lesson Study-ді қандай сыныпта өткізетіндігіңізді анықтап алыңыз, содан кейін әртүрлі білім алушы топтың шынайы өкілі болып табылатын үш оқушыны: жалпы дағдылар немесе жекелеген пәндер үшін қажетті дағдылар бойынша сыныпта оқитын оқушылардың ішінен жоғары, орта, төмен көрсеткіштері бар топтардың үш өкілін таңдап алыңыз. Lesson Study бағытында жұмыс істейтін әрбір оқушының деңгейін анықтап алыңыз. Lesson Study-дің аяғында әр оқушыдан қандай нәтиже күтетініңіз туралы қысқа да нұсқа жазып алыңыз. (Сізге 1- суреттегі жоспарлау сызбасын пайдалануға болады).

Түсініктемелер

Бақылаудағы А оқушы
Аты.....

Осы оқушыға арналған табыс критерийі.
Lesson Study аяқталған кезде А оқушы ... істей алады (сабақта қойылған оқу мақсатына жетудегі қарқынын оқушы қалай көрсететінін сипаттаңыз).

Қосымша түсініктемелер

Өзіңіз жетілдіргіңіз келетін немесе пайдалануды жоспарлап отырған оқыту әдісінің қолданылу ретіне назар аудара отырып, сабақтың әр кезеңін жоспарлаңыз. Бақылаудағы әрбір оқушыдан қандай реакция күтетіңізді жазып отырыңыз: өзінің тақырыпты игеру қарқынын көрсету үшін әр оқушы әрбір кезеңде не істейді. Қандай ресурстар қалай қолданылатындығын және тақтада не жазатыныңызды барынша дәл анықтап алыңыз, әрбір кезең үшін уақыт шеңберін белгілеңіз. Бақылаушылар арасында кім қай бақылаудағы оқушыны (оқушыларды) қадағалайтынын келісіп алыңыздар. Барлығы екі оқушы қадағалап, үшінші оқушы назардан тыс қалмайтынына сенімді болыңыз. 1-суретте Lesson Study-ді жоспарлау сызбасы ұсынылған. Оны пайдалану үшін А3 форматына дейін үлкейту қажет. Сабақтың басында Lesson Study тобының әрбір мүшесінде сызбаның көшірмесі болу керек, өйткені олар бақылау барысында оған түсініктемелерін жазып отырып, кейін талқылау кезінде өз жазбаларына сүйене алады.

